



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

# BUQAR JYRAY

## JARSHYSY

№20  
(1663)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района  
Gazet 1939 jylдың 12 sáýirinen bastap shygady Газета издаётся с 12 апреля 1939 года

23

تامыр 2026 jyl  
мая 2026 года

## Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер!

## Қадірлі ұстаздар мен ата-аналар!

Сіздерді жүрекке қуаныш пен толғаныс сыйлайтын ерекше мереке – Соңғы қоңыраумен шын жүректен құттықтаймыз!

Соңғы қоңырау – балалықтың бал дәуренімен қоштасып, үлкен өмірге нық қадам басар маңызды белес. Бұл – шәкірт үшін арманға қанат байлайтын, ұстаз үшін маңдай тердің жемісі көрінетін, ата-ана үшін үміт пен сенім тоғысқан айрықша күн.

Қымбатты түлектер!

Бүгін сіздер 11 жыл бойы алған білім мен тәрбиені өмір жолында кәдеге жаратып, жаңа белестерге бағыт алғалы тұрсыздар. Алдағы сындарлы сәттерде дұрыс таңдау жасап, өз қабілеттеріңізді шыңдап, ел болашағына қызмет ететін білімді де білікті азамат атануларыңызға тілектеспіз.

Халқымызда: «Ақыл - азбайтын тон, білім - таусылмайтын кен» деген дана сөз бар. Бүгінгі заманда білім – табыстың ғана емес, ел дамуының да басты тірегі. Сондықтан білімге ұмтылып, ізденуден жалықпай, асқақ армандарыңызға адал болыңыздар. Армандаған мамандық иесі атанып, туған жердің мерейін үстем ететін тұлға болып қалыптасуларыңызға сенеміз.

Сіздерге сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұстаздар қауымының еңбегі қашанда зор құрметке лайық. Ұстаз – шәкірт жүрегіне шамшырақ жағып, өмір жолына бағыт беретін қасиетті мамандық иесі. Талай жылғы тынымсыз еңбек пен төзімнің нәтижесінде бүгінгі білімді ұрпақ қалыптасып отыр.

Құрметті ұстаздар! Сіздерді де оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтаймыз! Әр шәкірттің жетістігі – сіздердің табанды еңбектеріңіздің жемісі. Жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие берудегі өлшеусіз еңбектеріңіз үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Әрдайым абырой биігінен көрініп, шәкірттеріңіздің құрметіне бөлене беріңіздер!

Ардақты ата-аналар! Бала тәрбиесіндегі мейірім мен қолдауларыңыз, сенім мен қамқорлықтарыңыз үшін алғыс айтамыз.

Қымбатты түлектер!

Елдің ертеңі, Тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегі – сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан қай кезде де білімге сүйеніп, адал еңбек пен биік мақсат жолынан таймаңыздар. Қияға қанат қағып, биік белестерді бағындырып, ел мақтанышына айналудың алдында тілектеспіз!

Соңғы қоңырау мерекесі құтты болсын! Ақ жол, жас түлектер!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
Бұқар жырау ауданының әкімі

Асхат ӘЛИ,  
Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы

## Уважаемые выпускники, педагоги и родители!

Примите искренние поздравления с окончанием учебного года и праздником Последнего звонка!

25 мая для выпускников прозвенит особенный звонок — одновременно радостный и немного грустный. Он знаменует не только завершение школьной поры, но и начало новой, взрослой и самостоятельной жизни. Позади остаются беззаботные школьные годы, впереди — новые возможности, важные решения и большие свершения.

Дорогие выпускники! Все ваши сегодняшние достижения — это лишь начало большого жизненного пути. Впереди вас ждёт ответственная пора — выбор профессии, определение собственного пути, реализация целей и мечтаний. Пусть этот путь будет светлым, успешным и достойным.

Будьте смелыми, уверенными в себе, креативными и целеустремлёнными. Стремитесь к знаниям, не бойтесь трудностей и всегда верьте в собственные силы. Мы возлагаем на вас большие надежды и уверены, что именно вы станете достойным поколением, которое внесёт весомый вклад в развитие и процветание родного края и всей страны.

Желаем вам успешно пройти ЕНТ, получить высокие результаты, стать обладателями государственных грантов и освоить самые востребованные профессии. Пусть знания, полученные в школе, станут прочной основой для будущих побед и достижений.

Особые слова благодарности выражаем педагогам. За успехами каждого ученика стоит ваш ежедневный кропотливый труд, ответственность, терпение, неиссякаемая энергия и преданность своему делу. В нашей стране профессия учителя всегда была и остаётся одной из самых уважаемых и значимых. Спасибо вам за воспитание образованного, талантливого и патриотичного поколения.

Уважаемые родители! Благодарим вас за поддержку, заботу и участие в жизни детей. Именно ваша любовь, мудрость и вера помогают им уверенно идти вперёд.

Дорогие выпускники! Будьте образованными, компетентными, инициативными и достойными гражданами Независимого Казахстана. Пусть вам всегда сопутствуют удача, вдохновение и вера в собственные силы. Смело идите к своим мечтам, преодолевайте любые преграды и никогда не останавливайтесь на достигнутом.

В добрый путь!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
аким Бухар-Жырауского района

Асхат ӘЛИ,  
председатель маслихата Бухар-Жырауского района

## Құрметті жерлестер! Қадірлі жамағат!

Сіздерді күллі мұсылман қауымы асыға күтетін қасиетті де қастерлі Құрбан айт мерекесімен құттықтаймыз!

Құрбан айт – ізгілік пен имандылықтың, мейірім мен жанашырлықтың мерекесі. Бұл – адамдарды сабыр мен шүкіршілікке, татулық пен бауырмалдыққа үндейтін, рухани құндылықтарды дәріптейтін ұлық мейрам. Айт күндері ағайын арасындағы сыйластық артып, мұқтаж жандарға көмек көрсетіліп, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытылатын игі дәстүрлер жаңғырады.

Қасиетті мерекеде жасалған әрбір сауапты іс, айтылған ақ тілек пен берілген садақа – адам жүрегіне жылулық сыйлап, қоғамдағы бірлік пен ынтымақты нығайта түседі. Бүгінде ата-бабамыздан мирас болған асыл қасиеттеріміз – имандылық, ағайынға қамқор болу, туған жер мен елге адал қызмет ету – ұрпақ тәрбиесінің темірқазығына айналып отыр. Осындай ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, ел ішіндегі ауызбіршілік пен татулықты сақтау – баршамыздың ортақ парызымыз.

Осынау қасиетті мерекеде шалынған құрбандықтар мен жасалған дұға-тілектер қабыл болсын! Құрбан айт әр отбасына құт-береке әкелсін! Еліміз тыныш, жұртымыз аман, бірлігіміз бекем болғай! Айттан айтқа аман-есен жете берейік!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,  
Бұқар жырау  
ауданының әкімі

Асхат ӘЛИ,  
Бұқар жырау  
аудандық мәслихатының төрағасы

## Құрметті бұқаржыраулықтар!



Жалпыұлттық экологиялық акция

Қалалар мен аудан тұрғындарының тіршілік ету жайлылығын қамтамасыз ету және сыртқы бейнелі жақсарту үшін, **2026 жылдың 4 сәуірі мен 6 маусым** аралығында Қарағанды облысының қалалары мен елді мекендерін абаттандыру, санитарлық тазалау және көгалдандыру бойынша көктемгі екі айлық жарияланды.

2026 жылғы 4 сәуір және 2 мамыр облыстық сенбіліктер өткізу күндері болып анықталды.

2026 жылғы 11 сәуір, 18 сәуір, 25 сәуір, 16 мамыр, 23 мамыр, 30 мамыр және 6 маусым аудандық сенбіліктер өткізу күндері болып анықталды.

Апта сайын «Бейсенбі» санитарлық күн болып жарияланды.

Шаруашылық субъектілерінің, шаруа қожалықтарының, жеке меншік кәсіпорындардың басшыларын тұрғындарға қоқыс шығаруға ықпал жасауды сұраймыз.

Аудан тұрғындарын, мекеме және ұйымдардың басшыларын ауданның елді мекендерін көркейту және санитарлық тазартуға белсенді қатысуға шақырамыз.

Қоқысты және қатты тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген жерлерге шығару қажет.

Қоқысты арнайы белгіленбеген жерге шығарғаны үшін айыппұл салынады:

- жеке тұлғалар үшін – 20 АЕК-ке дейін;
- шағын және орта бизнес тұлғалары үшін – 30-дан 40 АЕК-ке дейін;
- ірі бизнес тұлғалары үшін – 100 АЕК-ке дейін.

Коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі